



ШЕШІМ

30. 03.2023

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

3/1-VIII

№

город Астана

Астана қаласы мәслихатының  
сегізінші сайланымының тұрақты  
комиссияларын құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты ШЕШТИ:

1. Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының төрт тұрақты комиссиясы құрылсын:

Бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі;

Занылық, құқық тәртібі және жүртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі;

Әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі;

Құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі;

2. Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары қызметінің негізгі бағыттары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы

Е. Каналимов

Астана қаласы мәслихатының  
2023 жылғы 30 наурыздағы  
№3/1-VIII шешіміне  
қосымша

## **Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары қызметінің НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

### **I. Жалпы ережелер**

Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Занына, Астана қаласы мәслихатының регламентіне және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне сәйкес әрекет етеді.

Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары:

- Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерін, Астана қаласы мәслихатының шешімдерін іске асыруға жәрдемдеседі;
- мәслихатқа, Астана қаласы мәслихатының төрағасына сессияның күн тәртібі және мәслихат сессиясында қаралатын мәселелер бойынша ұсыныстар енгізеді;
- Астана қаласы мәслихатының қарауына енгізілетін мәселелерді алдын ала қарайды және олар бойынша қорытындыларды дайындайды;
- мәслихатқа өз құзыреті шегінде сессияда жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептерін тыңдау туралы ұсыныстар енгізеді;
- Астана қаласы мәслихатының шешімдерін, сессияларда айтылған сын ескертпелер мен ұсыныстарды іс жүзінде жүзеге асыру бойынша ұйымдастырушылық жұмысқа қатысады;
- Астана қаласы мәслихатымен өз құзыреті шегінде қабылданған шешімдердің қала кәсіпорындарымен, ұйымдармен, лауазымды тұлғалармен және азаматтармен орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;
- еңбек ұжымдарында және тұрғылықты жері бойынша мәслихат шешімдерінің жобаларын талқылауды ұйымдастырады, азаматтардың ұсыныстарын, өтініштері мен шағымдарын қарауга және оларды жеке мәселелері бойынша қабылдауды ұйымдастыруға жәрдемдеседі;
- сессияларда олардың қарауына қатысты мәселелер бойынша қосымша баяндамалар мен тұжырымдар жасайды, Астана қаласы мәслихаты шешімдерінің жобаларын ұсынады;
- оларды сайлаған мәслихат алдында жауапты және жылына кемінде бір рет өз қызметі туралы есеп береді.

## **II. Бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия қызметінің негізгі бағыттары**

1. Астана қаласы мәслихатының сессияларында Қазақстан Республикасының экономикалық реформа, қаржы және салық саясаты, өнеркәсіп, кәсіпкерлік мәселелері бойынша зандарын іске асыру жоспарлары мен бағдарламаларына байланысты мәселелерді қарау жөнінде ұсыныстар енгізеді.

2. Қаланың экономикалық және әлеуметтік даму жоспарлары мен бағдарламаларының жобалары, қала бюджеті, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бойынша қорытындылар дайындауды, олардың орындалуы туралы есептерді тындау жөнінде ұсыныстар енгізеді.

3. Материалдарды қарайды және Қазақстан Республикасының заннамалық актілеріне сәйкес қарызға алу туралы шешімдер қабылдауға құқылы.

4. Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясынан елорда бюджетінің орындалу мәселелері жөніндегі жүргізілген бақылау іс-шаралары туралы ақпарат сұратады.

## **III. Зандылық, құқық тәртібі және жүртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия қызметінің негізгі бағыттары**

1. Сессияларда Қазақстан Республикасының зандарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, зандылықты, құқық тәртібін, құқық қорғау органдарының қызметін, қоғамдық ұйымдармен өзара іс-кимылды нығайту, азаматтардың өтініштерімен жұмыс істеу жөніндегі басқа да заннамалық актілерді іске асыру жөніндегі мәселелерді қарау жөнінде ұсыныстар енгізеді.

2. Елордада қоғамдық тәртіпті нығайту және қылмыстың алдын алуды күшайту, азаматтарды құқықтық тәрбиелеу жөніндегі іс-шаралар жоспарлары мен бағдарламаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысады.

3. Астана қаласы мәслихатының шешімдерін орындағаны үшін мемлекеттік органдардың, сондай-ақ ұйымдардың лауазымды тұлғаларын жауапқа тарту туралы ұсыныстарды тиісті органдарға енгізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру бөлігінде Астана қаласы мәслихатының құзыретін қамтамасыз етеді.

4. Астана қаласы мәслихатының регламентін әзірлеуге, қолданыстағы заңнамаға сәйкес оған толықтырулар мен өзгерістер енгізуға қатысады.

5. Бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген міндетті Ережелерді әзірлеуге қатысады және олардың сакталуын бақылауды жүзеге асырады.

6. Астана қаласы мәслихатының құзыретіне жататын және мәслихаттың қарауына енгізілетін зандылықты, мемлекеттік және қоғамдық тәртіпті,

азаматтардың құқықтары мен занды мұдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі басқа да мәселелерді дайындауға қатысады.

7. Қаланың Қоғамдық кеңесімен, саяси партиялармен, қоғамдық бірлестіктермен және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

#### **IV. Әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия қызметінің негізгі бағыттары**

1. Астана қаласы мәслихатының қарауына әлеуметтік даму, халықты жұмыспен қамту, ғылым, білім, мәдениет, спорт, ұлтаралық қатынастар, жастар саясаты, ардагерлер, мугедектер, әйелдер істері, отбасын, ана мен баланы қорғау, тілдерді дамыту, діни конфессиялар мәселелері бойынша зандарды, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын және басқа да заңнамалық актілерді іске асыруға байланысты жоспарлар мен бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру жөнінде ұсыныстар енгізеді.

2. Әлеуметтік-мәдени даму бағдарламаларын әзірлеуге қатысады, Астана қаласы мәслихатының сессияларында бағдарламалардың орындалуы туралы есептерді тыңдау туралы ұсыныстар енгізеді.

3. Астана қаласы мәслихаты сессияларының қарауына енгізілетін әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау жөніндегі мәселелерді қарайды және қорытынды береді.

4. Әлеуметтік-мәдени даму мәселелері бойынша атқарушы органдар басшыларының есептерін тыңдайды.

#### **V. Құрылыш, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия қызметінің негізгі бағыттары**

1. Астана қаласы мәслихатының қарауына енгізілетін құрылыш, қаланың бас құрылышы, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану, мемлекеттік тұрғын үй қорын пайдалану, халыққа көліктік және тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес төлемекі ставкаларының жобаларына қатысты мәселелерді қарайды және қорытынды береді.

2. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес женілдіктер белгілеу, жер қатынастарын реттеу жөнінде ұсыныстар енгізеді.

3. Жасыл желеңтерді күтіп-ұстау және қорғау, Астана қаласының аумағын абаттандыру, жылыту маусымына дайындау және өткізу, жануарларды, ауыл шаруашылығы жануарларын күтіп-ұстау, үй жануарларын

күтіп-бағу және серуендең мәселелері жөніндегі қағидаларды және бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық көзделген басқа да міндетті Қағидаларды әзірлеуге қатысады.

4. Астана қаласының коммуналдық меншік объектілерін салудың тиімділігі мәселелері бойынша ұсыныс енгізеді.

5. Жолаушылар тасымалын, көлік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі мәселелерді қарайды және ұсыныстар енгізеді.

6. Энергиямен жабдықтау, инженерлік коммуникация, сумен жабдықтау және су бұру жүйесі, нөсер көрізі, газ шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мәселелерді қарайды және ұсыныстар енгізеді.

---